

Шахтинск қалалық мәслихатының 2023 жылғы 10 шілдедегі № 271/4 "Шахтинск қаласы, Долинка, Новодолинский, Шахан кенттері бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2023 жылғы 29 қарашадағы № 292/6 шешімі

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Шахтинск қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шахтинск қалалық мәслихатының 2023 жылғы 10 шілдедегі № 271/4 "Шахтинск қаласы, Долинка, Новодолинский, Шахан кенттері бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 183772 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шахтинск қалалық мәслихатының төрағасы

Ж. Мамерханова

Шахтинск қалалық мәслихатының
2023 жылғы 29 қарашадағы
№ 292/6

шешімге қосымша

Шахтинск қалалық мәслихатының
2023 жылғы 10 шілдедегі
№ 271/4

шешімге қосымша

Шахтинск қаласы, Долинка, Новодолинский, Шахан кенттері бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Шахтинск қаласы

| Атауы | Есеп бірлігі | Тариф (теңге) |
|--------------------------------|----------------------|---------------|
| Абаттандырылған үй иелері | Айына 1 тұрғыннан | 403,98 |
| Абаттандырылмаған үй иелері | Айына 1 тұрғыннан | 437,64 |
| Бірлікке жылдық тариф (көлемі) | Теңге/м ³ | 2019,88 |
| Көму (ҚҚС есептегенде) | Теңге/м ³ | 352 |
| Сұрыптау | Теңге/м ³ | 0 |

Шахан кенті

| Атауы | Есеп бірлігі | Тариф (теңге) |
|--------------------------------|----------------------|---------------|
| Абаттандырылған үй иелері | Айына 1 тұрғыннан | 450 |
| Абаттандырылмаған үй иелері | Айына 1 тұрғыннан | 480 |
| Бірлікке жылдық тариф (көлемі) | Теңге/м ³ | 2380 |
| Көму (ҚҚС есептегенде) | Теңге/м ³ | 352 |
| Сұрыптау | Теңге/м ³ | 0 |

Долинка, Новодолинский кенттері

| Атауы | Есеп бірлігі | Тариф (теңге) |
|--------------------------------|----------------------|---------------|
| Абаттандырылған үй иелері | Айына 1 тұрғыннан | 442,05 |
| Абаттандырылмаған үй иелері | Айына 1 тұрғыннан | 442,05 |
| Бірлікке жылдық тариф (көлемі) | Теңге/м ³ | 2210,27 |
| Көму (ҚҚС есептегенде) | Теңге/м ³ | 352 |
| Сұрыптау | Теңге/м ³ | 0 |

Ескерту:

Тариф келесілерді қамтиды:

- 1) ҚҚС есептемегенде қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау құны ;
- 2) ҚҚС есептегенде көму құны.